

МЕМЛЕКЕТТІК АКЦИОНЕРЛІК, СОНЫҢ ІШІНДЕ ХОЛДИНГ КОМПАНИЯЛАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ОРТАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫНЫҢ РЕТТЕУІ ТУРАЛЫ

Күшін жойған

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ
17 ақпан 1994 ж. N 197. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 12
қарашадағы N 1048 Қаулысымен.

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - Қазақстан Республикасының Үкіметінің
2008 жылғы 12 қарашадағы N 1048 Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің
1993-1995 жылдарға (II кезең) арналған Ұлттық бағдарламасына сәйкес және
ұлттық, мемлекеттік акционерлік компаниялардың, соның ішінде холдинг
компанияларының, сондай-ақ мемлекет қатысатын акционерлік компаниялардың
, соның ішінде холдинг компанияларының қызметін орталық мемлекеттік
басқару органдары тарапынан реттеуді жетілдіру мақсатында Қазақстан
Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Мемлекеттік акционерлік компаниялар, мемлекет қатысатын акционерлік
компаниялар, соның ішінде холдинг компаниялар (бұдан әрі - компаниялар)
жөнінде орталық мемлекеттік басқару органдары мынадай функциялар атқарады
д е п б е л г і л е н с і н :

ұлттық мүдделердің жүзеге асырылуы қамтамасыз етілуін - айналадағы
ортаның қорғалуын, мемлекеттік бағдарламалардың орындалуын бақылау;

мемлекеттік компанияларды тарта отырып өнеркәсіп салаларын дамытудың
тұжырымдамалары мен басым мемлекеттік бағдарламаларын әзірлеу;

компанияларға мемлекеттік саясат (мемлекеттік мақсатты бағдарламалар)
ш е н б е р і н д е к ө м е к к ө р с е т у ;

экономиканы құрылымдық жағынан қайта құру саясатын белгілеуге қатысу;

компаниялардың залалмен жұмыс істейтін мемлекеттік кәсіпорындарын
санациялау, оларды қайта құру мен тарату жөнінде ұсыныстар енгізу;

республика бюджетін қалыптастыру кезінде компаниялардың мүддесін
білдіру, өнеркәсіпте стратегиялық міндеттерді шешу үшін жаңа ұйымдық
құрылымдардың қаражат (валюта) жөніндегі қажеттерін негіздеу;

инвестициялық бағдарламаларды әзірлеу мен жүзеге асыру;

компанияларды ақпаратпен қамтамасыз ету;

ғылыми-зерттеу жұмыстарының үйлестірілуін және ғылыми талдамалардың

енгізілуін жүзеге асыру;

өндірістік қуаттарды орналастыру мен өнеркәсіп салаларын дамыту саясатын
жүзеге асыру;

қолданылып отырған заңға сәйкес компаниялардың бақылау кеңестеріне
қатысу.

2. Акционерлік компанияларға акциялардың мемлекеттік пакетіне иелік ету
құқығын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік
комитеті жүзеге асырады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік
комитеті Әділет министрлігімен және басқа да мүдделі министрліктермен және
ведомстволармен бірлесіп екі ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің бұрын қабылданған министрліктер мен
ведомстволардың қызметін реттейтін шешімдерін осы қаулыға сәйкестендіру
туралы ұсыныстар енгізсін.
Қазақстан Республикасының Премьер-министрі